

**2009 жылға жұмыссыз азаматтар үшін қоғамдық ақылы жұмыстар ұйымдастыратын шаруашылық субъектілерінің тізбесін бекіту туралы**

Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 240 қаулысы. Мұнайлы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 29 қаңтарда N 11-7-32 тіркелді

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149-II Заңдарына сәйкес, аудан әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыссыз азаматтар үшін ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастыратын шаруашылық субъектілерінің тізбесі және жұмыссыздар атқаратын қоғамдық жұмыстардың түрлері, еңбекақы мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Ж.Әбіловке жүктелсін.

3. Осы қаулы Мұнайлы аудандық әділет басқармасында тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

О. Қазақбаев

К Е Л І С І Л Д І :

Мұнайлы аудандық жұмыспен  
қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімінің бастығы  
Ж . К . Т ұ м а н б а е в а

22 желтоқсан 2008 жыл